

субъект, и объект обладают большим количеством характеристик, чем объясняется неоднозначность явления выбора профессии.

Профессиональное самоопределение важное событие на жизненном пути человека. Оно связано не только с прошлым опытом личности, но и простирается далеко в будущее, участвуя в формировании образа «Я», предопределяя, в конечном счете, многие стороны жизни. Наиболее изученным и признаваемым фактором профессионального самоопределения являются интересы субъекта. Не менее важным и в достаточной степени изученным фактором выбора профессии являются способности. Профессиональное самоопределение отражает определенный уровень личных притязаний, основанный на оценке своих способностей и возможностей. [5, с. 156]

В данной статье мы убедились в том, что процесс профессионального самоопределения учащихся при изучении проилюстрирующих дисциплин происходит эффективнее при соблюдении следующих психолого-педагогических условий:

- реализации профессионально-ориентированного подхода в обучении;
- учет психолого-педагогических аспектов профессионального самоопределения учащихся, а также их возрастных и индивидуальных особенностей;
- использование форм и методов обучения, способствующих профессиональному самоопределению учащихся.

Список литературы:

1. Психологическое сопровождение выбора профессии/ Под ред. Л.М, Митиной.- М.,2008
2. Психология профессионального самоопределения: учебное пособие для студентов ВУЗа/Климов Е.А.– 4-е изд., М.: Издательский центр «Академия». 2010
3. Боровиков, С. А. Профессиональное самоопределение. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. Издательство СПб университета, 1991
4. Галагузова, М. А. Социальная педагогика – Курс лекций: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманит. Изд. центр Владос, 2001
5. Психологический словарь/ авт.-сост. В.Н.Копорулина, М.Н.Смирнова, Н.О. Гордеева, М.М. Балабанова, Под общей ред. Ю.Л.Неймера. – Ростов – на – Дону: Феникс, 2003.

**Тюлешова Назгуль Сайляуовна
Досмагамбетова Айнагуль Батыржановна**

**Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы
Қостанай педагогикалық колледж, Қостанай қаласы**

БАЛАБАҚШАЛАРДА КӨПТІЛДІЛІКТІ ЕНГІЗУ ҮШІН ҚОСТАНАЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕ КАДР ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

АННОТАЦИЯ

Осы мақалада көптілдіктің маңыздылығы туралы айтылады және , мектепке дейінгі мекемелерге көптілдіктің енгізуіне арналған кадрларды дайындауы барысында оқытушылар қандай әдістер қолдануы жайында үлгілер тура келтіріледі.

Түйінді сөдер: көптілдік, мұғалім, мамандық, тәрбиеленуші, білім беру.

АННОТАЦИЯ

В данной статье говорится о важности полиязычия и приводятся примеры того, какие методы используют преподаватели при подготовке кадров для внедрения полиязычия в дошкольные учреждения.

Ключевые слова: полиязычие, учитель, профессия, воспитанник, образование.

ABSTRACT

In this article is written the importance of polylingual education and given examples that what methods use the teachers in training specialists for inculcate the polylinguism in nursery schools.

Keywords: *polylinguism, teacher, profession, pupil, education.*

*“Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген,
бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан,
имандылық әдеби мен парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу,
бүгінгі таңда отбасының, бала бақшасының,
барша қазақ халқының міндеті.”*

Н.Ә.Назарбаев

Еліміздің дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдермен экономикалық, саяси, мәдени байланыстарының нығаюы, кеңеюі шетел тілдерін жетік меңгерген білікті мамандарды қажетсінуде. Шет тілі мамандары республикамызда бұрыннан-ақ дайындалып келе жатқандығы баршамызға белгілі. Тілдің үштұғырлық негізінің сипаты республикалық білім кеңістігінде шетел тілін білудің ерекшелікке ие тұстарын туындатады. Демек, шетел тілін ана тілі негізінде үйрету, үйренетін тілдің қарым-қатынасқа қажетті тілдік аспектілерімен қатар, сөйлеу рәсімі мен әдебін ұлттық мәдениет және мәдениетаралық байланыстарға негіздеу шетел тілін үйрету әдістемесінің жаңа сипаты болуы керек. [1, б.6]

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының қатарында көптілділікті енгізуді айрықша атап көрсетті.

Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар қойып отыр. Олардың негізі - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттілікті игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. [5, б.96]

Көптілді білім беру – көпқырлы мәселе. Егемен елімізді өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десек, Ыбырай Алтынсарин айтқандай «Мектептің басты жүрегі - мұғалім. Қоғам үшін мектеп білім мен тәлім-тәрбиенің ұясы, келешектің тағдырлар тоғысы, ұрпақтар сабақтастығының тірі куәсы. Мұғалім қандай болса, шәкірті де сондай болмақ».

Осы орайда, жарты ғасырлық тарихы бар Қостанай педагогикалық колледжінде болашақ ұстаздарды, яғни «Бастауыш сыныптардың ағылшын тілі мұғалімі», «Мектепке дейінгі мекемелердің ағылшын тілі мұғалімі» мамандарын даярлайтынын атап өткен жөн. Білім алып жатқан оқушылар алған теориялық білімдерін қалалық балабақша мен мектептерде машықтанумен сабақтастырады. Колледждің бірнеше жылдан бері бастау алған басты міндеттерінің бірі - көптілділік жүйесін жүзеге асыру. Осы мәселе төңірегіндегі сұрақтар облыс, қала, колледжішілік деңгейдегі мәжілістерде, педагогикалық кеңестерде, дөңгелек үстелдерде талқылану әлі жалғасын тауып келеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жан-жақты, алғыр, білімді, қабілетті болашақ мамандар даярлау колледж талабының бірі. Мысалы, айта кетер болсақ, қоғамдық пәндер, негізгі пәндер болмасын, барлық сабақтарда сабақ жоспарының бір кезеңі - көптілділік қолдану. Бұл, яғни пән аралық байланыс болса, екінші жағынан көптілділікті дамытудың жолы. Сабақ барысында әр кезеңді үш тілде жүргізіп отыру оқытушының шеберлігін көрсетеді. «Болмаса да, ұқсап бағып» жүрген оқушыларымыз машықтану кезінде сабақтарында осы міндеттерді алға қояды.

Мәселен, өзін сабақ беріп, әрі әдіскер болып саналатын «Балабақшада ағылшын тілін оқытудың әдістемесі» пәнінен алған теориялық білімдерін «Тәрбиешілер» тобының студенттері тәжірибе жүзінде Қостанай қаласындағы № 61, 13, 9, 8 мектеп – балабақшаларында жалғастырады. Мемлекеттік стандартқа сай құрылған жұмыс бағдарламасындағы «Әкем, анам және мен», «Менің ойыншықтарым», «Үй жануарлары және жабайы аңдар» сияқты тақырыптарға балалардың лексикалық негізін қалыптастыратын қарапайым сөздер

алынады. Оларды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дұрыс айтылуын ойын түрінде шебер қолданып, ұғынықты жеткізу әр студенттің шығармашылық ізденуін қажет етеді.

Тілді, тіл мәдениетін игеру - әр баланың сәби шағынан бастап іске асады да, әрі қарай біртіндеп жетіліп отыратын үрдіс. Сол үшін де болашақ үш тілді жетік меңгерген тәрбиешілерді дайындауда колледж ұжымы тынбай еңбек етуде. Мысал үшін атап өтсек, осы жылдың қаңтар айында студент машықкерлеріміз аталған мектеп балабақшаларында ағылшын тілінен машықтанудан өтті. Олар тек қана сабақ беріп қоймай, күн тәртібіндегі іс әрекеттерді үш тілде жүргізіп отырды. Жетекші әдіскер, мұғалімдер машықтанушылардың балабақшада сабақ беру әдістерін қадағалап, бағыт-бағдар беріп отырады. Бұл тәжірибе жақсы қорытындылар көрсетуде. Балабақша тәрбиеленушілері, жас сәбилердің қабілеттері өте ерекше. Үш тілде өткізілетін сабақтарды қызыға қабылдап, ойын түрлерлеріне белсенді араласып отырады. Бұл машықтану студент машықтанушылардың болашақта кәсіби маман болып қалыптасуына даңғыл жол ашады.

Тілді үйреткенде, бала сол тілде еркін сөйлей алса болды дегенді қанағат етпей, тілді баланың бүкіл мүмкіндігін, қабілетін ашатындай дәрежеде оқыту керек. Болашақта тіл меңгеруге деген бейімділігін шындап, ойын үш тілде еркін жеткізуге бағытталған жаттығулар орындату керек. Ол үшін қазіргі заман технологиялары, балабақшалардағы заманауи жабдықтар, кең жолақты ғаламтор желісі мол мүмкіндіктер береді. Енді кезек – біз даярлап жатқан жас мамандардың қолында. Педагогтардың жаңа легі осы бағытта жаңа ізденістермен айналысып, тың идеяларды ұсынады деген үлкен үміт бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Б.Алтынсарин «Тандамалы шығармалар»
2. С.Ғ.Тәжібаева. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. – Алматы: “Ғылым” баспасы, 2003.
3. С.Ғ.Тәжібаева. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: “Ғылым” баспасы, 2004.
4. С.Ғ.Тәжібаева, Қалиева Г.И. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005.
5. С.Ғ.Тәжібаева. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. Алматы: “Қазақстан мектебі № 3”, 2007.

Утегенова Бибиғуль Мазановна

кандидат педагогических наук, доцент КГПИ,
г. Костанай

КРИТЕРИАЛЬНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ: ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ПЕДВУЗЕ

АННОТАЦИЯ

Ғылыми мақалада критериалдық бағалаудың негізгі ережелерін жоғары оқу орнында пайдалану жолдары сипатталған, аталған баяндамада бағалаудың мәні, құрылымдық сипаттамалары айқындалған. Критериалдық бағалаудың принциптері, теориялық мағлұматтары нақтыланған. Студенттерді бағалаудың кредиттік оқыту жүйесіне сәйкестендіруі көрсетілген.

***Түйінді сөздер:** бағалау, критерий, баллдық бағалау, қалыптастарушы және қорытынды бағалау, критериалдық бағалау мәні, критерийлдік бағалау принциптері, құрылымдық бөліктері*

АННОТАЦИЯ

В статье раскрываются особенности критериального оценивания, сущность нового оценивания, подходы и принципы к оцениванию. В работе автор дает логическую характеристику использования возможностей критериального оценивания в условиях кредитной системы обучения в вузе.